**Жер қойнауын пайдалануға лицензиялар беруге байланысты мәселелерді қарау жөніндегі жұмыс тобын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 2002 жылғы 7 наурыз N 14-ө.

1. "Қазақойл" ҰМК" жабық акционерлік қоғамының 2002 жылғы 15 ақпандағы N 101-26/380 хатында жер қойнауын пайдалануға берілген лицензиялар туралы баяндалған фактілер бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін мына құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Мәсімов - Қазақстан Республикасы
Кәрім Қажымқанұлы Премьер-Министрінің орынбасары,
жетекші
Андрющенко - Қазақстан Республикасының
Александр Иванович Экономика және сауда бірінші
вице-министрі
Еламанов - Қазақстан Республикасының
Болат Далдайұлы Энергетика және минералдық
ресурстар бірінші вице-министрі
Жәмішев - Қазақстан Республикасының
Болат Бидахметұлы Қаржы вице-министрі
Шамсутдинов - Қазақстан Республикасының Әділет
Ринат Шарафутдинович вице-министрі
Өжкенов - Қазақстан Республикасының
Болат Сұлтанұлы Энергетика және минералдық
ресурстар министрлігі Геология
және жер қойнауын қорғау
комитетінің төрағасы
Ыбыраймов - Қазақстан Республикасының
Серікхан Уалиханұлы Премьер-Министрі Өндірістік сала
және инфрақұрылыс бөлімінің
меңгерушісі
Білісбеков - Қазақстан Республикасының
Нұрғали Дәулетбекұлы Ұлттық қауіпсіздік комитеті
экономикалық қауіпсіздік
департаментінің бастығы
(келісім бойынша)
Жұмағұлов - Қазақстан Республикасының Бас

Әнуар Мұратұлы прокуратурасы мемлекеттік органдар
қызметінің заңдылығын қадағалау
жөніндегі департаментінің аға
прокуроры (келісім бойынша)
Оразаева - "ҚазМұнайГаз" ҰК" жабық
Сәуле Бақтиярқызы акционерлік қоғамы даму жобалары
бойынша ақпараттық-талдау
тобының директоры (келісім бойынша)

2. Жұмыс тобы тексеру қорытындылары бойынша 2002 жылғы 8 сәуірге дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне негізделген ұсыныстар енгізсін.

Премьер-Министр

Мамандар:
Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК